

**Художественно-проектная компетенция будущих дизайнеров-костюма:
сущность и содержание (на казахстанских материалах)**

Э.Е. Файзуллина

Московский государственный институт культуры (Москва, Россия)

Аннотация

Статья посвящена исследованию вопроса сущности и содержания одной из важных профессиональных компетенций будущих дизайнеров-костюма – художественно-проектной. Под ней автор понимает способность дизайнера разрабатывать проектную идею, основанную на концептуальном, творческом подходе к решению дизайнерской задачи, без которой дизайнер сегодня не может быть востребован и конкурентоспособен в своей профессиональной сфере. Этот вид профессиональной компетенции, по мнению автора статьи является наименее разработанной в общей структуре профессиональной подготовки будущих дизайнеров-костюма на казахстанских материалах. В подготовке специалистов любого профиля каждая страна стремится к формированию своих профессиональных кадров с опорой на национальные ценности, особенно данный факт актуален для сферы культуры и искусства. Отсюда, автор статьи убежден, что художественно-проектная компетенция будущих дизайнеров-костюма как интегральное качество личности в казахстанских вузах должна опираться не только на современные теории формирования компетенций, но и на национальный компонент. Под последним в дизайне костюма понимается целый комплекс знаний в области национальной одежды (семантика костюма и его декора, особенности головных уборов и многого другого). Поэтому в структуре художественно-проектной компетенции будущих дизайнеров-костюма важнейшим выступает национальный компонент, интегрированный в систему профессиональной подготовки. Так, рассматриваемая компетенция формируется на ряде специальных дисциплин: «История костюма» и «Материаловедение текстильных материалов», которые занимают важное место в системе подготовки будущих дизайнеров-костюма. Целью настоящего исследования является разработка и обоснование сущности и содержания художественно-проектной компетенции будущих дизайнеров-костюма.

Ключевые слова: дизайнер-костюма; Казахстан; профессиональная подготовка; художественно-проектная документация.

Received: 30.04.2022

FTAMP 16.01.45

<https://doi.org/10.51889/2022-2.2077-6861.03>

С.А. ЖИРЕНОВ¹

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан), Saken82@mail.ru*

**ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Аңдатпа

Мақалада жоғары оқу орындарында лингвистикалық білім берудің ғылыми теориялық және әдіснамалық мәселелері жан-жақты сипатталады. Ғылыми зерттеу жұмысы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2022 жылғы Жас зерттеушілерге арналған ЖТН: 0122РКИ0048

– «Қазақ тілі лексикалық жүйесінің когнитивтік-концептуалдық негіздері» атты іргелі ғылыми-зерттеу жобасы аясында жүргізілді. Жоғары оқу орындарында лингвистикалық білім беру мәселесі педагогикалық жағынан бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің қатарына жатады. Лингвистикалық білім болашақ маманның интеллектуалдық әлеуетін арттырып, тұлғалық болмысын қалыптастырып, тілдік құзыреттілігін күшейтудегі маңызы жоғары факторлардың бірінен саналады. Жоғары оқу орындарындағы лингвистикалық білім берудің педагогикалық негізінде болашақ маманның тілді қарым-қатынас құралы ретінде ғана қарамай, тілдің мәдени, танымдық, кәсіби, грамматикалық, риторикалық, педагогикалық, әлеуметтік феномен тұрғысынан сарапталады. Тұлға болмысын қалыптастыруда лингвистикалық білімнің педагогикалық негізінде тілдің қолданбалы жағының дамуы, сөз байлығын арттыру, кәсіби тұрғыдан сөйлеу дағдысын дамыту, коммуникативтік ортада тілдік этикеттерді ұтымды пайдаланудың ерекшеліктері ғылыми-әдістемелік жағынан кеңінен қарастырылады.

Түйін сөздер: лингвистикалық білім; тіл; тілдік әлеует; педагогика; білім беру; тілдік құзыреттілік; тұлға; кәсіби маман; т.б.

Кіріспе. Зерттеудің өзектілігі. Білім беру мәселесі республикамыздағы мемлекеттік стратегиялардың басым бөлігінде қамтылған маңызды бағыттардың бірінен саналады. Білім беру жүйесіндегі негізгі стратегиялардың қатарына білім берудің қай саласында болмасын қатар жүретін тіпті жарыса қолданылатын әрі маңызды саналатын мәселе лингвистикалық білім беру үрдісін жатқызуға болады. Жоғары оқу орындарындағы лингвистикалық білім беру мәселесі лингвистикалық пәндерге ғана қатысты емес. Лингвистикалық білімнің қандайда бір ғылым саласы яки кәсіп болмасын өзіндік маңызы жоғары. Бүгінгі таңдағы заманауи жаңашыл әдіснамалық жүйе бұрынғы дәстүрлі білім беру стандарттарымен қатар, қазіргі жаңашыл технологиялардың негізінде мамандықтың қандайда бір саласын игерудегі бірден бір фактор лингвистикалық білімнің маңыздылығын алға тартуда.

Ғылыми маңыздылығы. Бүгінгі қоғам жоғары оқу орындарын бітіріп, арнайы мамандық бойынша біліктілік алып шыққан тұлғадан жан-жақты дамыған көптеген құзыреттіліктердің болуын қажет етеді. Болашақ маманның бойынан қоғамдық сұраныстарға қажетті жан-жақты дамыған, белсенді іс-әрекеті мен ғылыми позициясы орныққан, лингвистикалық білімі жетілген, кәсіби және қоғамдық ортасында лингвокоммуникацияны еркін жүзеге асыру арқылы өз ойын анық жеткізуге қабілетті парасатты тұлғаның болмысын қажет етеді. Болашақ

маман даярлау ісінде жоғарғы оқу орнының білім беру жүйесіндегі қызметі қаншалықты маңызды болса, білім беру үдерісінде қатар жүретін лингвистикалық біліммен қаруландыру ісі де маңызды факторлардың бірінен саналады. Осыған байланысты «лингвистикалық білімнің» мазмұны, теориясы, практикасы, әдіснамасы және олардың білім беру жүйесіндегі ерекшеліктері туралы мәселелерді нақтылай түсу қажеттілігі туындайды.

Зерттеудің мақсаты. Жоғары оқу орындарында лингвистикалық білім берудің ғылыми педагогикалық негізін тұжырымдау, әралуан білім беру бағдарламаларындағы салалық пәндерді жүргізгенде лингвистикалық білімді біртұтас негізде жүргізудің ғылыми теориялық тиімділіктерін көрсету.

Негізгі бөлім. Жалпы адамзаттық ғылым тарихы тұрғысынан келгенде лингвистикалық білім – риторика (шешендік өнер), сөз мәдениеті, грамматикалық сауаттылық (тілдік сауаттылық) деген ұғымдармен ұштасады. Ғылым тарихы мен адамзат мәдениетінің тарихына зер салсақ өнердің басы, ғылымның басы тіл өнеріне яки сөз өнерінен басталатындығына назар аудару қажет. Бір кездердегі риторика, сөз мәдениеті, грамматикалық сауаттылық бүгінгі күндері жан-жақты дамып, әмбебаптық сипатқа ие болып «лингвистикалық білім» ретінде жаңаша ғылыми концептуалды сипатқа ие болуда. Көне заман философтары Платон мен Аристотель бастаған алыптардың философиялық ойларында айтылған

адамның өзі түсінбейтін, түсіндіре алмайтын құбылыстарға таңдану, таңырқау сезімдерінде жатыр деген пайымдау жасаған болатын. Білім алушы оқуға тиіс, игеретін білімі өзінің мазмұны, жүйесі жағынан әр уақытта жаңашыл болуы тиіс. Ал оқытудың мақсаты оқушыға жаңа дүниенің сырын ашуымен анықталады. Яғни, педагогикалық психологияны зерттеушілер оқу әрекетінің басқа әрекет түрлерінен өзгешелігі оның жаңалыққа толы болуында деп сипаттайды [1, Б. 23]. Демек, оқушы үшін де оқытушы үшін де көпшілік алдында көсіле сөйлеу барысында жан-жақты дайындық қажет. Мұндағы дайындықтың өзі бірнеше үлгіде жүргізіледі. Олар пәндік, арнайы тақырыптық, психологиялық, этикалық, лингвистикалық, т.б. секілді түрлерге жіктеледі. Ал осылардың ішіндегі негізгі көрсеткіш яки жауапкершілік лингвистикалық дайындыққа негізделеді. Лингвистикалық дайындық басқа да көрсеткіштердің толық көрінуіне жол ашатын басты факторлардың бірінен саналады.

Жалпы қандай да болмасын оқытудың үлгілерін жүзеге асыруда адам баласына лингвистикалық білім заңдылықтарын меңгеру қажет. Лингвистикалық білім берудің де өзіне тән компоненттері болады. Олар: оқытудың мақсаты мен міндеттері, мазмұны мен сипаты, формалары мен әдістері, сонымен қатар күтілетін нәтижелері. Ал нәтижеге қол жеткізудің механизмдеріне – білім беру технологияларын ұтымды пайдалану қажеттігі анық. Сондықтан да жоғарғы оқу орындарында қазақ тілі пәні болсын немесе кәсіби салалық пәндер бойынша лингвистикалық білімді қатар жүргізудің өзіндік оқыту технологияларымен, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерімен оқыту ісі басты мәселелердің бірінен саналуы тиіс.

Лингвистикалық білімді тек лингвист маман береді деген заңдылық жоқ. Лингвист-маман лингвистикалық заңдылықтар мен қағидаттарды оқытқанымен, тұтастай лингвистикалық білімді білім алушы лингвистикалық және лингвистикалық емес кәсіби салалық пәнді игеру барысын-

да меңгереді. Ал мұндағы лингвистикалық білімді меңгеруде білім алушының қызығушылығы мен құзыреттілігі шешуші фактор саналады. «Лингвистика тек бар тілдерді ғана емес, жалпы адамзат тілін зерттеумен айналысады. Лингвист тілді тікелей бақыламайды: тікелей бақылауға тек тілдің фактілері ұшырайды, яғни тірі тілдің тасушыларының тілдік актілері және олардың нәтижелері» ғана ұшырайды [2]. Лингвистикалық білім оқыту үрдісінде пәндік материалдарды игертуде материалдың көлемін, пәннің мазмұнын және оқыту әдістерін пайдалануда, қорытындылар мен тұжырымдар жасағанда білім алушының сөздік қорына үлес қосардай мөлшерде болса, шәкірттердің өз бетімен жүргізетін рухани шығармашылық және кәсіби ізденісіне зор маңыз береді.

Лингвистика ғылымындағы соңғы жылдардағы парадигмалық өзгерістер жалпы әлеуметтік-гуманитарлық ғылым салаларына, соның ішінде педагогика ғылымына тікелей қатысты болып отыр. Себебі қазіргі уақыттағы лингвистиканың басты нысаны – тілдің ішкі лингвистикалық заңдылықтарын зерттеу ғана емес, тіл арқылы адамды, қоғамды, ұлтты тануға негізделуде. Осы мәселелерге байланысты лингвистикалық білім индивидтті қалыптастыруда педагогикалық маңызы жоғары саналады. Тілтаным ғылымындағы антропоцентристік парадигманың қалыптасуы мен дамуының нәтижесінде – тіл табиғатындағы барлық мүмкіншіліктер әр алуан аспектілер негізінде айқындалу арқылы, сол тілдің иесін яки тұтынушысы субъектінің болмысын тануға мүмкіндік береді.

Ғылыми кеңістікте лингвистика ілімі қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы ғылым саласы ретінде саналғанымен, лингвистикалық білім барша ғылым саласына қатысты категория. Лингвистикалық білім жалпы оқу үдерісінде жарыса қолданылатын үдеріс болған жағдайда, қандай да бір пән болмасын өз мақсатына еркін жетеді. Жоғары оқу орындарындағы қандайда бір пәнді жүргізгенде білім берушінің лингвистикалық білім қоры (сөздік қоры, сөз

байлығы, терминдік қоры, грамматикалық сауаттылығы, сөз әдебі, сөз шеберлігі мен шешендігі, т.б.) қаншалықты жоғары болса, білім алушыға осындай арсеналын лингвистикалық білім нәтижесінде көрсете алады. Бұл мәселелер оқу үдерісінде үздіксіз жүргізілуі тиіс. Ал «оқыту үрдісі дегеніміз – барлық оқыту үрдісінде және түгелдей оқу пәндерінде басшылыққа алынатын негізгі қағидалар, педагогикалық талаптар жүйесі. Оқу үрдісі – тұтас педагогикалық үрдістің бір бөлігі. Ол берік және дәл білім алу, таным жолындағы оқушылардың қимылына байланысты болады. Оқыту үрдісінің ерекшелігі – мұғалім мен оқушылардың мақсатқа бағытталған өзара әрекеттесуінің барысында шәкірттерге білім беру міндеттерін шешуге байланысты болады» [3, Б. 54].

Бүгінгі таңда республикадағы жоғарғы оқу орындарындағы өзге тілді аудиторияларда қазақтілі (нормативтік қазақтілі, практикалық қазақ тілі, кәсіби бағытталған қазақ тілі) пәні міндетті пәндердің қатарына жатады. Аталған пәндер жалпы білім алушылардың лексика-грамматикалық минимумдарды, грамматикалық заңдылықтардың базалық мазмұнын филолог-мамандардың оқытуы негізінде жүзеге асса, лингвистикалық білім кәсіби сала мамандарының кәсіптік бағытталған пәндерді оқытудағы тілдік құзыреттілігінің нәтижесінде жүзеге асады. Қазақ педагогикалық энциклопедиялық сөздігінде: «Білім – философияда бүкіл танымның даму процесінде қалыптасқан адамзат мәдениетінің, рухани қазынасының жиынтығы. Айналадағы дүниені жан-жақты зерттеп, заңдылықтарын ашып игерудің нәтижесінде қоғамдық өмірдің даму сатыларына сай, адамдардың іс-әрекеті мен практикасында айқындалып, дәлелденген белгілі жүйедегі ұғымдар дүниесі» – деп көрсетіледі [4, Б. 90]. Яғни, лингвистикалық білім дегеніміз – тіл табиғатын жетік меңгерген тілдік таным болмысын игеру арқылы, арнайы кәсіптік саланы меңгертуде педагогикалық негізде пайдаланылатын рухани-шығармашылық білім көрсеткіші саналады.

Жоғары оқу орындарындағы лингвистикалық білім мазмұны арқылы тілдік,

коммуникативтік, прагматикалық, лингвомәдени, этикалық, педагогикалық тұрғыдан қарастырудың нәтижесінде, болашақ кәсіби маманның арнайы сала маманы ретінде ғана емес, қоғамның белді мүшесі әрі интеллектуалды тұлға ретінде қалыптасуына өзіндік ықпал етеді. Лингвистикалық білім салалық пәнмен біте қайнасып өзара біртұтастықта жүргізілетін, болашақ маманның коммуникативтік сапасын арттырып, тілдік нормаларды ұтымды пайдалана білуіне ықпал етеді.

Ғылыми педагогикалық кеңістіктегі педагогтер қауымдастығы басшылыққа алатын қалыптасқан дидактикалық ұстанымдарға – ғылымилық-концептуалдылық; мәдени-саналылық пен белсенділік; көрнекілік пен үйлестірушілік; жүйелілік пен бірізділік; беріктілік мен дамытушылық; тиімділік пен ықпалдастық; теория мен тәжірибенің сабақтастығы болса, лингвистикалық білім мазмұнында осы аталған жүйелердің барлығы біртұтастық негізде қамтылады. Лингвистикалық білім беру мәселесі – біртұтас педагогикалық үрдістің бір бөлшегі яки құрамдас компоненті. Мұнда кешенді және біртұтас білім алу, таным жолындағы білім алушылардың өзара ықпалдастығына байланысты болады. Лингвистикалық білімді меңгерудің ерекшелігі – білім беруші мен білім алушының бір мақсатқа бағытталған өзара ықпалдастығының барысында, салалық әрі қоғамдық қатынастарды игеруге жол ашады. Лингвистикалық білім беру үрдісі біртұтас педагогикалық үрдістің құрамдас компоненті болғандықтан, білім беруші мен білім алушының ортақ мақсатқа бағытталған өзара ықпалдастыққа негізделген жұмысының нәтижесінде білім алушының тілдік құзыреттіліктері мен ақыл-ойы, танымдық әрекеттері (тілдік таным, ғылыми таным, кәсіби таным, интеллектуалдық таным, тұлғалық таным, т.б.), практикалық іс-қимылдары, біліктілік дағдыларын жан-жақты дамытуға ықпал етеді.

Лингвистикалық білім қоғамдық ортада коммуникативтік акт барысында адам әрекеті арқылы көрінеді. Ал оның

көрінуге педагогтік әрекет түрткі болады. Педагогикадағы әрекеттестіктер оқытудың ұстанымдары негізінде беріледі. Мұндағы оқытудың ұстанымдары – білім беруде бастамашыл идея, дидактикалық ұстаным ретінде танылады. М.Н. Скаткин білім беру үдерісіндегі оқыту ұстанымдарын білім беруші мен білім алушының бірлескен әрекетіне басымдық бере отырып: 1) тәрбиелеу және жан-жақты дамыту; 2) ғылымилық; 3) саналылық және шығармашылық белсенділік; 4) жүйелілік; 5) көрнекілік және шығармашылық ойлауды дамыту; 6) өз бетімен білім алуға ұмтылушылық; 7) өмірмен байланыстылық; 8) іргелілік және нәтижелілік; 9) оқушының жекебас ерекшелігін ескеру ұстанымдары деп көрсетеді [5].

Қазіргі уақыт сұранысына сәйкес жоғары оқу орындарында лингвистикалық білім берудің біртұтас педагогикалық мақсатына – білім алушының тілдік құзыреттілігін, лингвистикалық сауаттылығын, лингвокоммуникативтік әлеуетін, шығармашылық ойлауын дамыту болып табылады. Сондықтан да лингвистикалық білімнің болашақ сала маманының лингвокоммуникацияны жүзеге асырудағы сөз байлығы мен ой байлығын қалыптасыру ұстанымы ерекше орын алады. Аталған мәселелер жоғарғы оқу орындарында лингвистикалық пәндер мен қатар лингвистикалық емес салалық мамандыққа қатысты пәндер арқылы да өзара біртұтастықта жан-жақты қамтылған, тиянақты тұжырымдалған, жүйелі негізге құрылған, терең мазмұнды, сапалы білім мен саналы тәрбиеге бағытталған, бірізділіктің қатаң сақталуын мақсат етеді. Бұл мәселелер лингвистикалық білім беруді жүзеге асыруда пайдаланылатын ұйымдастыру түрлеріне, педагогикалық мақсатына, ғылымның даму деңгейіне, пәннің мазмұнына, білім алушылардың білім көрсеткішіне байланысты сараланып, жүйеленіп отырады. Ғылыми педагогикада әр пәнді оқытудың өзіндік ұстанымдары болады. Білім беруші жүргізетін пән мазмұнына байланысты лингвистикалық білімді шартты да шартсыз түрде қатар қолдану барысында төмендегідей

ұстанымдарды басшылыққа алуға болады:

– пән мазмұнына сәйкес лингвистикалық категорияларды пайдалану;

– лингвистикалық білім мазмұнын оқу материалына саналы түрде енгізу және меңгерту;

– оқу материалында берілген лингвистикалық білімнің ғылыми-тәжірибиелік сапасын арттыру;

– лингвистикалық білім беруде дидактикалық жүйелілік пен жалғастықты ұстану;

– лингвистикалық білімді пән мазмұнына сәйкес білім алушының қабылдау ерекшелігімен санау ұстанымы;

– теория мен тәжірибенің байланысын қоғамдық өмірде тіл дамыту мен сөз қолданыста ұтымды пайдалану ұстанымы.

Жоғары оқу орындарында лингвистикалық білімді үнемі үздіксіз жүргізудің педагогикалық тиімділігіне, білім алушылардың белсенділігі мен өз бетімен дербес ізденісіне, кәсіби шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға түрткі болады. Лингвистикалық білім беру барысында кәсіби салалық мамандықпен өзара ұштастыру, оларды біртұтас үрдіс ретінде іске асырылуы білім алушының ой белсенділігін арттырып, кәсіби шығармашылық қабілетін дамытуға, жұмыс істеу дағдысында лингвокоммуникацияны орната білуіне ықпал етеді.

Жоғары оқу орындарында лингвистикалық білім беру мамандыққа негізделген пәндердің аясында біртұтас жүйе ретінде жүргізіледі. Қандай да бір пәнді жүргізудің өзіндік педагогикалық ұстанымдары болады. Әдіскер-ғалым А. Әбілқабов жалпы дидактикалық және арнаулы ұстанымдар деп жіктеп: «Жалпы дидактикалық ұстанымдар – бұлар оқыту пәндерінің бәрінде де қолданылады, бірақ әр пәннің оқу материалының сипатына қарай, әр қилы өзгеріп қолданылады, ал арнаулы ұстанымдар – бұлар нақты сол пәнге, мысалы, қазақ тіліне ғана тән ұстанымдар», – дейді де мынадай арнаулы ұстанымдарды атайды:

1. Тілді оқып-үйрену мен ойлаудың дамуы арасындағы тығыз байланыс.

2. Грамматикалық құрылысты оқып-

үйрену мен әдебиеттік оқу дағдыларын игерудің арасындағы өзара тәуелділік.

3. Грамматиканы оқып-үйрену мен тілдік дағдыларды игерудің арасындағы өзара шарттастық.

4. Қазақ тілін оқытуға әртүрлі нұсқадағы әдістемелік жол таба білудің мүмкіндігі мен қажеттігі [6, ББ. 23-24]. Бұдан шығатын қорытынды лингвистикалық білім беруде салалық пәнді оқытумен қатар, білім алушының кәсіби шығармашылықпен жұмыс істеу қабілетін арттыратындай әдіс-тәсілдерді қажет етеді. Жоғары оқу орындарындағы қандай да бір білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру барысында оқытылатын арнайы пәндердің тақырыптары мен мазмұнына қатысты лингвистикалық мәселелерді негіздеп отырса, білім алушының ойлау мен сөйлеу қабілетін, шығармашылық ізденіс пен кәсіпке деген құштарлығын дамытушы материалдары қуатты болса педагогикалық нәтижесі жемісті болады.

Педагогикамен психология ғылымдарында адамның кәсіби немесе рухани тұрғыдан шығармашыл болуы негізгі мәселе саналады. Қоғамдық өмірде әрбір адамның өз ұстанымы мен дербес бағыттағы жекелеген жетістіктері үшін өз жауапкершілігі жоғары саналған уақытта, шығармашылық ізденісін дамытудың маңызы жоғары. Шығармашыл тұлғаның болмысын көрсететін бірден-бір категория оның тілдік тұлғалық әлеуеті. Яғни, лингвистикалық білімі мен лингвокоммуникацияны орнатудағы шеберлігі деп айтуға болады. Лингвистикалық білім мазмұны санадағы көрікті ойдың көркін кетірмей дұрыс сөйлеуден, ойыңды анық та қанық жеткізуден, жүйелі ойға құрылған жүйелі сөзден, сөз мәнісін білуден, грамматикалық сауаттылықтан, тіл әдебін сақтау секілді көптеген бірліктерден тұрады. Лингвистикалық білім – адам баласының рухани дамуының көрсеткіші, заманалар бойы даму эволюциясының жетістігі саналады. «Адамнан адамның артықшылығы мінезінде яки білімінде» деген тезистің тезінен қарайтын болсақ, адам болмысын көрсетуде лингвистикалық білімнің алар орны да

маңызды саналады. Лингвистикалық білім адамның сөйлеу процесінен көрінеді. Сөйлеу үдерісінде адамдар бір-бірімен ой алмасып, тілдік коммуникацияны жүзеге асырады. Адамдар өзара ой алмасып, сұхбаттасқаннан бір-бірінің болмысын тануға мүмкіндік алады. Тілдік коммуникация нәтижесінде адамзат баласы өзара ұжымдасып, этникалық, халықтық, халықаралық деңгейде лингвокоммуникацияны жүзеге асырады.

Жоғары оқу орындарындағы білім алушылардың лингвистикалық білімін қалыптастырудың нәтижесінде, олар өздерінің шағын әлеуметтік тобымен, білім беретін академиялық ортамен, қоғамдық қауымдастықпен өзара қатынасқа түседі. Лингвистикалық білім шәкірттердің өз ойын еркін жеткізе білуіне мүмкіндік беріп, жеке тұлғалық болмысын қалыптастырады. Лингвистикалық білімді игерудің көптеген жолдары бар. Олар ауызша және жазбаша, көру және есту, тыңдау және сұрау, оқу және жазу секілді формалардан тұрады. Адам баласына тән тілдік коммуникативтік, когнитивтік психологиялық қасиеттер білім берудегі педагогикалық алғышарттар негізінде қалыптасады. Адам баласы таным иесі болғандықтан, қоршаған ортадағы шындық болмысты абсолютті және салыстырмалы түрде қабылдайды. Танымдық әрекеттің сезімдік сипаты (түйсіну, қабылдау, елестету, ұғыну, пайымдау, ой қорыту, т.б.) арқылы субъект қоршаған ортадағы шындық болмысты қабылдайды. Соның нәтижесінде дүниеге деген көзқарас Л.Вайсбергер тілімен айтқанда, «тілдің болмысты иемдену процесі қалыптасып, тіл таным объектісіне айналады» [7, ББ.129-130]. Яғни, лингвистикалық білім мазмұны болашақ маманның тұлғалық қасиетін қалыптастырып, оның кәсіби-шығармашылық тұрғыдан ізденіс жасауына, теориялық алған білімін тұрмыстық өмірде тәжірибелік тұрғыдан жүзеге асыра білуіне, қоғамдық өмірдің әрбір сатысында өз бетінше білім алуға ықпал ететін әдіснамалық білім алуға негізделген. Жоғары оқу орындарында білім алушылар болашақ кәсіби мамандар ғана емес, қоғамның белді мүшесі дербес тұлға ретінде де қалыптасады. Ал «тұлға»

дегеніміз – «жеке адамның адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі» деп танылады [8, 135].

Тіл біліміндегі соңғы кезде антропоцентристік бағыттағы зерттеулер тіл арқылы адамды, оны қоршаған ортасын, мәдени кеңістігін, ұлттық ерекшелігін, т.б. мәселелерді зерттеуге басымдық береді. Қазақ тілтаным ғылымындағы лингвомәдени мәселелерді зерттеу жұмыстары халықаралық басылымдарда жариялану үстінде. Мәселен отандық авторлардың халықаралық басылымдардағы мынадай ғылыми пікірлерін алға тартуға болады. «The anthropological linguistics is understood, first of all, as the research of the human factor in language. In the attention center it appears to have two circles of problems: how the person influences language; how language influences the person, its thinking, culture. Language reflects not only reality, but also interprets it, creating a special reality where man lives. Heidegger, an outstanding thinker of the last century named language the house of reality. Language is considered as a way by which we go through into nation's mentality, into the outlook of ancient people in the world and their society» [9, 179 б.]. Мұндағы авторлардың пікірінше тіл иесі адамды мәдениет пен қоғамнан тыс қарау мүмкін еместігі. Тілдің тікелей адам мен мәдениетпен өзара тұтастықта қарастыру арқылы тіл табиғатын, адам болмысын тануға болады.

Әдеби шолу. Лингвистикалық білімді жоғары оқу орындарында салалық пәндермен біртұтастықта жүргізу арқылы тұлға табиғатын жетілдіруге болады. Тұлға болмысын тану мен тұлғатану мәселесі әлемдік ғылымда да әртүрлі аспектіде қарастырылуда. Шетелдік ғылыми кеңістікте З. Фрейдтің тұлға болмысын тану мен таныту туралы көзқарастары мен теориялары неофрейдистер деп аталған ғалымдар буынын қалыптастырды [10, 102 б.]. Олардың қатарына К.Г. Юнг [11], А. Адлер [12], Э. Фромм [13], К. Хорни [14], Г. Салливан [15] секілді т.б. көптеген ғалымдардың ғылыми еңбектерінде өз жалғасын тау-

ып, тұлғатану мәселесі, тұлғаның өзіндік «мені», тұлға деп танудың алғышарттары, тұлғаның характері, тұлғаның әрекеті, тұлғаның образы, тұлғаның сөйлеу мәнері, тұлға психикасы, тұлғаның сөз әдебі мен сөйлеу мәнері, тұлғаның қоғамдық ортасы деген мәселелер жан-жақты қарастырылып, ғылыми тұрғыдан дами түсті. Осылардың ішінде З. Фрейдтің тұлға теориясын К.Г. Юнг тереңдете зерттей келіп, өзінің теориясын ұсынды. К.Г. Юнг адамзат психикалық әлемінің күрделі төрт құрылым мен әмбебап элементтерден тұратындығын көрсетеді. Онда тұлғалық санадан, ұжымдық санадан, тұлғалық санасыздық пен ұжымдық санасыздықтан тұратындығын көрсетеді. Ол индивид бойындағы өзін-өзі тани алатын және өзін-өзі дамыту қабілетінің болатындығын көрсетеді [11].

Зерттеудің әдістері. Зерттеу нәтижелері мен қорытындылары, зерттеу барысында жасалған тұжырымдар мен түйіндеулер жоғары оқу орындарында лингвистикалық білім беру арқылы болашақ маманның тұлғалық болмысын жетілдіруге, сөз байлығын арттыруға, тілдік құзырттілігін күшейтуге, өз ойын еркін жеткізуге, кәсіби сөздер мен терминологияны жетік білуге, қоғамдық белсенділігін арттыруға теориялық және практикалық жағынан мүмкіндік береді. Зерттеу материалын ғылыми және әдістемелік деректер ретінде әр алуан ғылыми-әдістемелік жұмыстарда қажеттілігіне қарай кеңінен пайдалануға болады.

Қазіргі таңдағы педагогика ғылымындағы көптеген зерттеулердің ішіндегі лингвистикалық білімнің нәтижесінде болашақ кәсіби маманның тілдік құзыреттігін күшейтіп, кәсіби біліктілігін көтеруге тікелей қатысы бар екендігін көрсетіп отыр. Себебі лингвистикалық білімнің тұлға болмысын сомдаудағы рөлі жоғары екендігі қоғамдық өмір мен кәсіби орта қажеттілігінен байқауға болады. Осыған орай жоғары оқу орындарында лингвистикалық білімді біртұтас үлгіде оқыту өзекті сипат алып, ғылыми-әдістемелік тұрғыдан шешуді күн тәртібіне шығаруды күнделікті өмірлік тәжірибиенің өзі күн тәртібіне шығарып отыр.

Талдау. Ғылыми педагогиканың негізгі мақсаты білім берудің әралуан ұстанымдары арқылы интеллектуалды тұлға қалыптастыру екендігі анық. Ал тұлғаның қалыптасуы мен дамуы мәселесін қарастыратын зерттеулерге зер салсақ, тұлғаның толысуына қоршаған ортаның, алған білімінің, әлеуметтік жағдаяттың, өзіндік санасының, мотивациялық әрекетінің, эмоционалды-еріктік қырларының әсерімен қатар, лингвистикалық құзыреттілігінің де тұлғалық болмысты қалыптастыруға тікелей ықпалы бар екендігін көрсетеді. Лингвистикалық білімді толыққанды игерген білім алушы болашақта жай ғана тұлға емес, тілдік тұлға ретінде де өзінің сапалық қасиетін қоғамдық ортада еркін көрсете алады. Ғылыми педагогика мен психологияда жалпы тұлға, интеллектуалдық тұлға деген мәселелер кеңінен қарастырылғанымен, тілдік тұлға деген мәселе қалыс қалып жүргені белгілі. Тілдік тұлға мәселесі филологиялық бағытта соның ішінде лингвистика ғылымында соңғы жылдары қарқынды түрде зерттелу үстінде. Лингвистика ғылымындағы тілдік тұлға дегеніміз – «ұлт тілі мен мәдениетінен толық ақпарат меңгерген тілдік-мәдени құзірет иесі. Ол ұлттық, аймақтық, әлемдік мәдениет ақпаратын меңгеруіне байланысты деңгейлерден тұрады. Тілдік мәдениет құзірет иесі (сатылы деңгейіне сәйкес) ұлттық реңктегі тілдік белгілер мағынасын арнайы сараптама көмегінсіз жалпы мағынасын түсінуге қабілетті» болады [16].

Кәсіби маман қалыптастырудағы педагогикалық заманауи технологиялар жоғары оқу орындарында жинақталған тәжірибиелер мен ізденімпаз оқытушылардың қызметі ерекше. Сондықтан қазіргі интеграция мен технократизм заманындағы оқытушылардың танымдық әрекеттері инновациялық технологияларға, жаңашыл идеяларға бағытталып, оқыту барысында лингвистикалық білімді заман талабы мен қоғамдық қажеттілікке сәйкес практикаға енгізуге жан-жақты дайын болуы керек. Оқытуды яки лингвистикалық білімді технологияландыру мен үнемі жетілдіру, тың зерттеулер мен жаңашыл тәжірибиелер

үздіксіз педагогикалық ізденістің талабы саналады. Соның нәтижесінде лингвистикалық біліммен жан-жақты қаруланған тілдік тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді. Тілдік тұлғаның бойынан тұлғалық болмысты, кісілік келбетті ғана емес, лингвистикалық білімді қажет етеді. Бұл мәселеге қатысты профессор Н.Уәли тілдік тұлғалардың әдеби тілді игеру, пайдалану деңгейі бірдей еместігін негізге ала отырып, тілдік тұлғалардың төрт типін көрсетеді:

1. Әдеби тілді шығармашылық деңгейде тұтынатын тип. Бұлар элитарлық тілдік тұлғалар.

2. Әдеби тілдің ауызша, жазбаша нормаларын сақтай білетін, ара-тұра кодификацияланған нормадан қате жіберетін, сөйлеу тілі мен кітаби тіл элементтерін кей тұста айқын аңғара алмайтын мәдени-тілдік орташа тип. Сан жағынан басымы да осы орташа әдеби тип.

3. Негізінен әдеби сөйлеу тілін қолданатын, арасында қарапайым сөйлеу тіліне тән элементтерді қосып сөйлейтін тілдік-мәдени тип. Сан жағынан, шамамен, орташа типтен кейінгі орында.

4. Қарапайым сөйлеу тілімен сөйлейтін, бейәдеби элементтер мен диалектизмдерді қолдана беретін коммуниканттар. Бұл жіктеуді зерттеуші «тілдік тұлғаның мәдени-тілдік «портреті» деп көрсетеді [17, Б. 17]. Тілдік тұлғаның интеллектуалдық деңгейі оның әр кезеңдердегі жүріп өткен жолдарына сәйкес қалыптасады. Интеллектуалды тұлғаның бойындағы лингвистикалық білімі мен танымдық көкжиегін анықтауда педагогикалық сипат басымдыққа ие болады. А. Кушкинбаева тілдік тұлғаның жан-жақты дамуына бірінші ұлттық тәрбие (отбасылық тәрбие), екінші ұлттық тілдегі өлшемдер (қабылданған, қабылданбаған құндылықтар), үшінші мәдени-танымдық ақпараттар (салт-дәстүр, әдет-ғұрып), төртінші рухани сана (дін қағидалары), бесінші үлгі тұтатын рухани тұлғалар (Абай, Шоқан т.б.), алтыншы озық білім жүйесі, жетінші тектілік интеллектісі сияқты алғышарттарды санамалай келе, «осы қасиеттерді бойына жинаған индивид, саналы

адам дәрежесінен тұлға, одан әрі тілдік тұлға дәрежесіне көтеріле алады. Тілдік тұлғаның өзінің болмысына сәйкес қалыптастырған, енгізген сөз саптауы, көзқарасы эталондық сипат дәрежесіне көшеді де оның тілі зерттеу арқауы бола бастайды. Бұл көбіне тілдік тұлғаның дәстүрлі вербалды-семантикалық деңгейінде байқалатыны даусыз», – деген байлам жасайды [18, Б. 11]. Лингвистер тарапынан жасаған осындай тұжырымдар педагог-мамандардың зерттеулерімен өзара үндесіп жатқандығында байқауға болады. Мәселен, «педагогтардың кәсіби сәйкестілігін қалыптастыруды іргелі зерттеу күрделі өзгерулерге ұшырып отыратын замануи білім беру ұйымдарында әлеуметтік педагог болудың қандай екенін когнитивтік тұрғыда түсіну және сол өзгерулерді қалай басқарып отырғанын ұғу мен тану/мойындау туралы танымдық кеңістіктің мәндік әлеміне үлес қосады» деген ғылыми тұжырымдарын лингвистикалық білім беру барысында да ғылыми-педагогикалық аспектіде негізге алуға болады [19, Б. 10].

Жоғары оқу орындарындағы лингвистикалық білім болашақ маманның кәсіби және тұлғалық мәнді сапаларының дамуы мен қоғамдық өмірдегі іс-әрекеттерінде көрініс табады. Лингвистикалық білім болашақ кәсіби маманның яки тұлғаның пікір алысу мен лингвокоммуникацияны жүзеге асыратын құралы ғана емес, ол адамның интеллектуалдық әлеуетін, логикалық ой қуатын, психикалық жай-күйі мен аффективтік сезімін де білдіреді. Сол арқылы оның коммуникативтік акт барысындағы сөйлеу мәнеріндегі «үлкенге ізет, кішіге құрмет», ортаға сыпайыгершілік сипатын да көрсетеді.

Қорытынды. Сонымен жоғары оқу орындарындағы лингвистикалық білімнің педагогикалық негізінде болашақ кәсіби маманның тұлғалық болмысын қалыптастырудағы дүниетанымдық компоненттерден, этикеттік-эстетикалық элементтерден, тілдік құзыреттіліктерден тұрады.

Лингвистикалық білімде субъектінің әлеуметтік мәртебесі, психологиялық болмысы, педагогикалық тәрбиесі, тілдік әлеуеті беріледі. Мұндағы тұлғаның әлеуметтік аспектісіне лингвокоммуникативтік ортаның білімі, мекені, қоғамдық әлеуметтік қатынастар тізбегін құраса, психологиялық аспектісіне белгілі бір тілдік ортадағы индивидтердің ақыл-ойы мен психологиялық қасиеттері жатады. Ал осы көтерілген мәселелердің ішіндегі ең бастысы саналатын педагогикалық және тілдік аспектілері тұлғаның қоғамдық ортадағы орнын анықтайды. Осындағы педагогикалық аспектіде субъектінің кісілік келбеті, этикеттік портреті мен табиғи болмысы көрінсе, тілдік аспектіде адамның «сөзінің әдебі өзінің әдебі» екендігін анықтайды.

Лингвистикалық білімнің педагогикалық негізінде болашақ маманның жаһандану жағдайында ұлттық құндылықтарды сақтап, өзінің ұлттық және тұлғалық бейнесін қалыптастырудағы тілдік құзыреттіліктері жатыр. Осы арқылы «мәдениет-ойлау-тіл» дейтін рухани құндылықтардың сақталуы мен дамуына бағытталады. Лингвистикалық білімді меңгертуде білім алушының бойында ұлттық тіл мен ділді қалыптастыру болып саналады. Өйткені адамның адамдық белгісі сөз сөйлеуінен, тұлғалық болмысынан көрінеді. Лингвистикалық білім – адамның ақыл-ойы мен ерік-жігерін, ұлттық болмысы мен тұлғалық қасиетін қалыптастырушы тірек. Ендеше ол жоғары оқу орындарындағы басты стратегиялық жоспарлы мәселелерге санатына жатуы тиіс. Білім берудегі лингвистикалық білімді оқытудың педагогикалық негізіне ұлттық мүдденің сақталуы мен мемлекет дамуындағы стратегиялық рөлін күшейтуді көздейді. Сол арқылы болашақ маманның тәрбиелік қуаты бекем, тілдік құзыреті күшті, тіл арқылы лингвокоммуникацияның ашықтығын қамтамасыз ете алатын, бойындағы бар бұла күшті көрсете алатын субъектіге жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- [1] Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – Москва, 2021. – 213 с.
- [2] Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. – Алматы, 2016. // <https://kk.wikipedia.org> (өтінім берілген күні: 24.03.2022).
- [3] Оразахынова Н.А. Жалпы білім беретін орта мектепте қазақ тілін сатылай кешенді талдау технологиясымен оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: Пед. ғыл. докт... дис... Қолжазбасы: 13.00.02. – Алматы, 2007. – 325 б.
- [4] Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігі. – Алматы, 2019. – 386 б.
- [5] Дидактика средней школы. Некоторые проблемы современной дидактики /под ред. М.А. Данилова, М.Н.Скаткина. – Москва: Просвещение, 2018. – 302 с.
- [6] Әбілқаев А. VI-VII кластың «Қазақ тілі грамматикасы» оқулығына арналған методикалық нұсқау. – Алматы, 2016. – 154 б.
- [7] Гухман М.М. Лингвистическая теория Л. Вайсберга //Вопросы теорий языка в современной зарубежной лингвистике. – Москва, 2019. – С. 23-162.
- [8] Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: педагогика және психология. – Алматы: Мектеп, 2019. – 254 б.
- [9] Kurmambayeva Z.B., Baltabayeva Z.K., Yessenova K.O., Ayarova T.T., Ashirova B.S. Cognitive and Lingua-Cultural Aspects of the Concept Of The Numerals In Kazakhstan //Opción, Año 35, No. 88 (2019): -PP. 177-192. ISSN 1012-1587 / ISSNе: 2477-9385. [Электронный ресурс]: URL: file:///C:/Users/%D0%B0%D0%B4%D0%BC%D0%B8%D0%BD/Downloads/Dialnet-AspectosCognitivosYLinguaculturalesDelConceptoDeLo-8175446%20(1). (өтінім берілген күні: 10.02.2022).
- [10] Фрейд З. Психология масс и анализ человеческого «Я». – Санкт-Петербург: Азбука-Аттикус, 2017. – 192 с.
- [11] Юнг К.Г. Аналитическая психология. – Москва: МГУ, 2020. – 213 с.
- [12] Адлер А. Практика и теория индивидуальной психологии. – Москва, 2015. – 414с.
- [13] Фромм Э. Бегство от свободы. – Москва, 2019. – 210 с.
- [14] Хорни К. Невротическая личность нашего времени. – Москва, 2016. – 208 с.
- [15] Sullivan H.S. The interpersonal theory of psychiatry. – N.Y.: Norton, 2003. – 270 p.
- [16] Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы – салғастырмалы лингвомәдени сараптама): филол.ғыл.докт. ... дис... Қолжазбасы: 10.02.19. – Алматы, 2004. – 338 б.
- [17] Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол.ғыл.докт ... дис... Қолжазбасы: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 329 б.
- [18] Кушқимбаева А. Мұхтар Әуезовтің тілдік тұлғасы (драмалық шығармалары негізінде): филология докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация қолжазбасы. – Алматы, 2015. – 158 б.
- [19] Меңлібекова Г.Ж., Ибраев С.Б. Әлеуметтік педагог тұлғасының кәсіби сәйкестілігін қалыптастыру: метакогнитивті тұғыр //Педагогика және психология. – 2022. – № 1(50). – 5-15 бб.

References

- [1] Leont'ev A.N. Deyatel'nost'. Soznanie. Lichnost'. – Moskva, 2021. – 213 s.
- [2] Kazakstan ulttyk enciklopediyasy. – Almaty, 2016. // <https://kk.wikipedia.org> (otinim berilgen kuni: 24.03.2022).
- [3] Orazahynova N.A. Zhalpy bilim беретin orta mektepte kazak tilin satylaj keshendi taldaу tekhnologiyasyмен oqytudyn gylymi-adistemelik negizderi: Ped. gyl. dokt... dis... Kolzhazbasy: 13.00.02. – Almaty, 2007. – 325 b.
- [4] Kazak pedagogikalыk enciklopediya sozdigi. – Almaty, 2019. – 386 b.
- [5] Didaktika srednej shkoly. Nekotorye problemy sovremennoj didaktiki /pod red. M.A. Danilova, M.N. Skatkina. – Moskva: Prosveshchenie, 2018. – 302 s.
- [6] Abilqkaev A. VI-VII klastyn «Kazak tili grammatikasy» okulygyna arналган metodikalыk nuskaу. – Almaty, 2016. – 154 b.

[7] Guhman M.M. Lingvisticheskaya teoriya L. Vajsberga // Voprosy teorij yazyka v sovremennoj zarubezhnoj lingvistike. – Moskva, 2019. – S. 23-162.

[8] Kazak tili terminderinin salalyk gylymi tusindirime sozdigi: pedagogika zhane psihologiya. – Almaty: Mektep, 2019. – 254 b.

[9] Kurmambayeva Z.B., Baltabayeva Z.K., Yessenova K.O., Ayapova T.T., Ashirova B.S. Cognitive and Lingua-Cultural Aspects of the Concept Of The Numerals In Kazakhstan // Opción, Año 35, No. 88 (2019): -PP. 177-192. ISSN 1012-1587 / ISSNе: 2477-9385. [Elektronnyj resurs]: URL: file:///C:/Users/%D0%B0%D0%B4%D0%BC%D0%B8%D0%BD/Downloads/Dialnet-AspectosCognitivosYLinguaculturalesDelConceptoDeLo-8175446%20(1). (etinim berilgen kyini: 10.02.2022).

[10] Frejd Z. Psihologiya mass i analiz chelovecheskogo «Ya». – Sankt-Peterburg: Azbuka-Attikus, 2017. – 192 s.

[11] Yung K.G. Analiticheskaya psihologiya. – Moskva: MGU, 2020. – 213 s.

[12] Adler A. Praktika i teoriya individual'noj psihologii. – Moskva, 2015. – 414s.

[13] Fromm E. Begstvo ot svobody. – Moskva, 2019. – 210 s.

[14] Horni K. Nevroticheskaya lichnost' nashego vremeni. – Moskva, 2016. – 208 s.

[15] Sullivan H.S. The interpersonal theory of psychiatry. – N.Y.: Norton, 2003. – 270 p.

[16] Islam A. Ultyk madeniet konteksindegi dunienin tildik sureti (salystyrmaly - salgastyrmaly lingvomadeni saraptama): filol.gyl.dokt. ... dis... Kolzhazbasy: 10.02.19. – Almaty, 2004. – 338 b.

[17] Uali N. Kazak soz madenietinin teoriyalyk negizderi: filol.gyl.dokt ... dis... Kolzhazbasy: 10.02.02. – Almaty, 2007. – 329 b.

[18] Kushkimbaeva A. Muhtar Auezovtin tildik tulgasy (dramalyk shygarmalary negizinde): filosofiya doktory (PhD) gylymi darezhesin alu ushin dajyndalghan dissertaciya kolzhazbasy. – Almaty, 2015. – 158 b.

[19] Menlibekova G.Zh., Ibraev S.B. Aleumetik pedagog tulgasynyn kasibi sajkestiligin kalyptastyru: metakognitivti tugyr // Pedagogika zhane psihologiya. – 2022. – № 1(50). - 5-15 bb.

Педагогические основы лингвистического образования в вузе

С.А. Жиренов

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(Алматы, Казахстан)*

Аннотация

В статье подробно описаны научные, теоретические и методические вопросы лингвистического образования в высшем учебном заведении. Научно-исследовательская работа выполнена в рамках проекта фундаментальных исследований Казахского национального педагогического университета имени Абая для молодых исследователей 2022 РН: 0122РКИ0048 – «Когнитивно-концептуальные основы лексической системы казахского языка». Вопрос языкового образования в высшей школе является одним из наиболее актуальных педагогических вопросов на сегодняшний день. Лингвистическое образование является одним из важнейших факторов повышения интеллектуального потенциала будущего специалиста, формирования личности и укрепления языковой компетенции. Педагогическая основа лингвистического образования в высшем учебном заведении рассматривается не только как средство общения будущего специалиста, но и с точки зрения культурного, познавательного, профессионального, грамматического, риторического, педагогического, социального феномена языка. В формировании личности широко рассматривается развитие прикладной стороны языка на педагогической основе лингвистических знаний, развитие словарного запаса, развитие навыков профессиональной речи, особенности рационального использования языкового этикета в коммуникативной среде.

Ключевые слова: лингвистическое знание; язык; языковой потенциал; педагогика; образование; языковая компетенция; личность; профессионал и др.

Pedagogical foundations of linguistic education at the university**S. Zhirenov***Abai Kazakh National Pedagogical University
(Almaty, Kazakhstan)**Abstract*

The article describes in detail the scientific, theoretical and methodological issues of linguistic education in a higher educational institution. The research work was carried out within the framework of the fundamental research project of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai for young researchers 2022 RN: 0122RKI0048 – «Cognitive-conceptual foundations of the lexical system of the Kazakh language». The issue of language education in higher education is one of the most pressing pedagogical issues today. Linguistic education is one of the most important factors in increasing the intellectual potential of a future specialist, shaping personality and strengthening language competence. The pedagogical basis of linguistic education in a higher educational institution is considered not only as a means of communication for a future specialist, but also from the point of view of a cultural, cognitive, professional, grammatical, rhetorical, pedagogical, social phenomenon of language. In the formation of personality, the development of the applied side of the language on the pedagogical basis of linguistic knowledge, the development of vocabulary, the development of professional speech skills, and the features of the rational use of language etiquette in a communicative environment are widely considered.

Keywords: language knowledge, language; language potential; pedagogy; education; language competence; personality; professional; etc.

*Редакцияға 29.03.2022 қабылданды**IISTI 14.35.07*<https://doi.org/10.51889/2022-2.2077-6861.04>*M.B. KURMANBEKOVA¹, G.O. ABDULLAYEVA², N.N. KHAN¹**¹Abai Kazakh National Pedagogical University,**²International Information Technology University (Almaty, Kazakhstan)**m_k_ice@bk.ru, g.abdullayeva@iitu.edu.kz, professor_khan@mail.ru***THE READINESS OF A FUTURE TEACHER-PSYCHOLOGIST
TO ENGAGING ADOLESCENTS INTO PROJECT-RESEARCH ACTIVITIES:
A CORRELATIONAL ASPECT***Abstract*

The article presents the results of diagnostics of future teacher-psychologist's readiness to involving teenagers into project-research activities. The research was taken on the basis of Abai Kazakh National Pedagogical University and Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, in which 119 third- and fourth-year students of "Pedagogy and Psychology" direction took part, by using a set of diagnostic methods, corresponding to the criteria of the indicated readiness. The obtained results allowed to substantiate the relationship between the readiness of modern adolescents for project-research activities and the studied readiness of future teachers-psychologists. The conducted diagnostic study showed that both students and adolescents have a desire and interest in conducting project-research activities. However, students do not know the purposeful ways to involve teenagers in project-research activities, although they understand that it depends a lot on them. And adolescents,